



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР СӘУІР 2025

2025 жылдың сәуір айында халықтың инфляцияға қатысты алдағы 1 жылға күтулері 12,2%-ға дейін төмендеп, сезілетін инфляция деңгейімен теңесті. Ал 5 жылдан кейінгі күтілетін инфляцияның медианалық мәні өсіп, 14,3%-ға жетті.

Сонымен қатар, тұтыну көңіл-күйі жақсара түсті. Бұл жеке материалдық жағдайдың жақсаруын бағалау мен қомақты қаражатқа сауда жасауға дайын болу деңгейінің артуына байланысты болды.


### Халықтың инфляциялық күтулері

2025 жылғы сәуірде алдағы 12 айда күтілетін инфляцияның медианалық мәні<sup>1</sup> аздап төмендеп, 12,2%-ға түсті (2025 жылғы наурызда – 12,6%). Сонымен қатар, 2025 жылғы сәуірде 5 жылдан кейін күтілетін инфляцияның медианалық мәні 14,3%-ға дейін өсті (13,5%) (1-график).

Алдыңғы аймен салыстырғанда, респонденттердің қысқамерзімді инфляциялық күтулеріне қатысты жауаптарының құрылымында бір жылдық кезеңде баға өсімі баяулайды деп күткен жауаптардың үлесі артқаны байқалады. Үш ай бойы тегістелген көрсеткіш ұзақ уақыт бойы 12-14% аралығында қалыптасып келеді.


Сонымен қатар, қысқамерзімді инфляциялық күтулердің белгісіздік деңгейі жоғары күйінде қалып отыр, бұл көрсеткіш ұзақмерзімді күтулердегі белгісіздік деңгейінен асып түседі. Бұл респонденттер үшін алдағы 12 айдағы инфляцияны сандық тұрғыдан бағалау бес жылдық кезеңге қарағанда қиынырақ екенін көрсетеді. Сондай-ақ, сәуірдегі инфляциялық күтулер әлемдік экономикадағы ахуалды көрсететін сыртқы жаңалықтар аясында қалыптасқанын атап өткен жөн.

1-график. Респонденттердің инфляциялық күтулері, %



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

## 2-график. Респонденттерге сезілген инфляция мен нақты инфляция, %




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab, ҚР ҰСБ СЖРА

Сезілетін инфляцияның медианалық мәні 2025 жылғы сәуірде сәл өсіп, 12,2%-ды құрады (2025 жылғы наурызда – 12%) (2-график).


2025 жылғы сәуірде азық-түлік бағасының өскенін атап өткен респонденттердің үлесі 77,8%-ға дейін артты (2025 жылғы наурызда – 73,9%). Сонымен қатар, азық-түлік емес тауарлар бағасының өскенін айтқан респонденттердің үлесі 9,6%-ға дейін төмендеді (12,6%), ал ақылы қызметтердің өскенін атап өткендердің үлесі 9,4%-ға дейін азайды (9,9%).

2025 жылғы сәуірде азық-түлік тауарларының ішінде респонденттер жеміс-жидек, көкөніс, ет өнімдері, ірімшік пен шұжық едәуір қымбаттағанын айтты. Азық-түлік емес тауарлар құрылымында халық дәрі-дәрмек, тұрмыстық химия, киім мен аяқкиім қымбаттағанын көрсетті. Ақылы қызметтерден респонденттер тұрғын үй-коммуналдық қызмет, интернет пен ұялы байланыс қызметі, сондай-ақ медициналық қызмет бағасы айтарлықтай өскенін айтты (3-график).

## 3-график. Жиі аталатын тауар мен қызмет түрлері



### Азық-түлік емес тауар мен қызмет түрлері



Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab


### Халықтың тұтыну көңіл-күйі

**Тұтыну көңіл-күйі индексі** 2025 жылғы сәуірде 100,8-ге дейін өсті (2025 жылғы наурызда – 98,9) (4, 5, 6-график).

**Күтулерді бағалауда** елдің алдағы бір жылда дамуына қатысы болжам 7,1 пунктке төмендеп, 105,7-ке түсті. Алдағы бес жылды бағалау 4 пунктке өсіп, 102,2-ге жетті. Осы екі көрсеткіш те өсу аймағында тұр. Алдағы бір жылғы жеке материалдық жағдайдың өзгеруіне берілген баға 5,1 пунктке өсіп, 113,6-ны құрады.

Сонымен қатар, **қазіргі жағдайды бағалауда** кейінгі бір жылдағы жеке материалдық жағдай көрсеткіші 2,4 пунктке өсіп, 85,4 болды. Қомақты қаражатқа сауда жасауға дайын болу да 5,2 пунктке өсіп, 96,9-ға жетті.

4-график. Тұтыну көңіл-күйі индексі<sup>2</sup>




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

**5-график. Күтулерді бағалау**



**6-график. Қазіргі жағдайды бағалау**




Дереккөз: Халықтан алынған сауалнама нәтижелері, FusionLab

**Кәсіпорындардың бағаға қатысты күтулері жоғары күйінде қалып отыр**

2025 жылдың I тоқсанында кәсіпорындардың өнімдері мен қызметтерінің бағасы барлық салада өсті. Ең жоғары баға өсімі электр қуатын өндіру, үй-жай және тамақтану қызметі салаларында тіркелді. 2024 жылдың IV тоқсанымен салыстырғанда баға өсімінің баяулауы тек көлік және қоймада сақтау салаларында байқалды. 2025 жылдың II тоқсанында барлық саладағы кәсіпорындар баға біршама баяу өседі деп күтеді (7-график).

**График 7. Кәсіпорындардың дайын өнімдері бағасындағы өзгеріс динамикасы, диффузиялық индекс<sup>3</sup>**




Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарын мониторингтеу нәтижелері, Ұлттық Банк Кәсіпорындарға сауалнама әр тоқсан сайын жүргізіледі.

Баға белгілеу кезінде дайын өнімге қойылатын бағаны анықтайтын ең маңызды фактор ретінде кәсіпорындардың көбісі шикізат пен материал бағасын (78,9%), сұранысты (77,0%) және еңбекке жұмсалатын шығындарды (67,3%) атап өтті. Кәсіпорындардың

бағалауынша, 2025 жылдың I тоқсанында шикізат пен материалдар, сондай-ақ импортталатын өнім бағасының өсу қарқыны артты. Сұраныс аздап өскенімен, тұрақты деңгейде қалды. Ал орташа жалақы өсімінің қарқыны сәл төмендеді. 2025 жылдың II тоқсанында осы үрдістер жалғасады деп күтіледі (8-график).

**8-график. Кәсіпорындардың дайын өнімге баға белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс<sup>3</sup>**



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарын мониторингтеу нәтижелері, Ұлттық Банк  
Кәсіпорындарға сауалнама әр тоқсан сайын жүргізіледі.

**ЕСКЕРТПЕЛЕР**

<sup>1</sup> 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулерді сандық бағалау/медианалық бағалау жарияланған жоқ, себебі 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне қаңтарда елде болған оқиғалар әсер етті, бұл респонденттердің аз болуына және алдыңғы деректерден алшақтауына әкелді.

Сезілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы мына сұрақ нәтижелері негізінде есептелген: сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?

2025 жылғы қаңтардан бастап күтілетін және сезілетін инфляцияның медианалық бағаларын есептеу кезінде 2-4 п.т. аралықтар пайдаланылады, оған дейін – 4 п.т.

<sup>2</sup> Тұтыну көңіл-күйі индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдыңғы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдыңғы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- қомақты сауда жасау.

Қазіргі жағдай индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- кейінгі бір жылда жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- қомақты сауда жасау индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні;

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайдың өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- алдағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары.

Сандық мән оң және теріс жауаптардың +100 арасындағы айырмашылығы ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәні 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән – оң мәндердің, 100-ден төмен – теріс мәндердің басым екенін білдіреді.

<sup>3</sup> Диффузиялық индекс (ДИ) оң жауаптардың қосындысы мен өзгеріссіз жауаптардың жартысы арқылы есептеледі. ДИ – қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру серпінін сипаттайтын жинақталған индикатор. 50 деңгейінен жоғары мән көрсеткіштің ұлғайғанын, ал 50 деңгейінен төмен мән – төмендегенін білдіреді. ДИ мәні 50 деңгейінен неғұрлым жоғары немесе төмен болған сайын, көрсеткіштің өзгеру (ұлғаю немесе азаю) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттер саны: 3 450 кәсіпорын. Маусымдық факторлардан тазартылған деректер. Кәсіпорындарға келесі сұрақ қойылды: «Сіздің кәсіпорыныңызда дайын өнімнің бағасы қалай өзгерді/өзгереді?»

\*2025 жылғы 2-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері берілген.